Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның
ХАТТАМАСЫ № 4

«26» қыркүйек 2025 ж. Ленгер қаласы.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның мәжіліс залында сағат 09:30 2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы бойынша тиісті шарлар туралы жиналыс өткізілді.

Ленгір қалалық емханасы басшысының медициналық қызметтердің сапасын бақылау ісі жөніндегі орынбасары М.С.Кенжебаева төрағалық етіп, басшысының орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім меңгерушілері, дәрігерлер және аға мед. бикелермен мейірбикелер қатысып ақпараттық-түсіндіру шаралары өткізілді.

Күн тәртібі:

1.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» (2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы);

2.«Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже» (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылы 31 наурыздағы №112 бұйрығы);

Төрағалық етуші М.С.Кенжебаева жиналысты ашық деп жариялап, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» (2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы), «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже» (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылы 31 наурыздағы №112 бұйрығы) туралы ақпараттық түсіндірмесін таныстырып түсіндіру үшін заңгер А.О.Суттибаевқа сөз берді.

Заңгер А.О.Суттибаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – бақылау қызметінің негізгі мақсаты қоғамның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылатындығын айтып өтіп сонымен қатар «Сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 16-бап. Кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жөнінде тереңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Заңгер А.О.Суттибаев ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның басшысымен бекітілген мекеменің «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже» бойынша әр бір тарауына жеке тоқталып түсіндіру жұмыстарын жүргізіп қортындылай келе, медициналық ұйымдардың, басшысы, орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім меңгерушілері, дәрігерлер және аға медбикелері мен мейірбикелер тікелей жауапкершілігімен Қазақстан Республикасның 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» №410-V заңын басшылыққа ала отырып, басқарып отырған мекеменің жалпы жүйесінде өз құзыреті шегінде талаптарын орындап, онда көзделген тәртіптік шара қолдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне көмектесуге міндетті екендерін айтты.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті дей келе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстырып, оны болдырмау мақсатында және сыбайлас жемқорлық іс-әрекетіне жол бергені үшін жауапкершілік пен оның зардаптары туралы атап өтіп толыққанды мәлімет берді.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Баяндамашыға суратар беріліп, оның барлығына да толық жауап қайтарылды.

Жиналыс төрағасы: **М.С.Кенжебаева**

Хатшы: **А.Ө.Досболова**





